

Бекітемін _____

№ 37 «Мәншүк» балабақшасы директоры

_____ Кабулова Р.А.

2021-2022 ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

**МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ
БАЛАЛАРМЕН ЛОГОПЕДТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Педагог логопед:
Қоқанова Айжан Саламатқызы

Кіріспе

Инклюзивтік білім берудің негізгі мақсаты – барлық балалардың психикалық және физикалық мүмкіндіктеріне, ата-аналарының әлеуметтік және экономикалық мәртебесіне, мәдениетіне, ана-тіліне, бұрынғы оқудағы жетістіктеріне, жеке ерекшеліктеріне қарамай білім алуы мен нәтижелі табысқа жету үшін қажет жағдайлар жасау және білім берудің баршаға қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Алайда, мүмкіндігі шектеулі баланы тұрғылықты жері бойынша жалпы білім беру ұйымының кеңістігіне кіріктіруге, психологиялықпедагогикалық және медициналық қолдауына байланысты бірнеше мәселелер кездеседі:

- ✚ мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасауға қажет білім мен білікті меңгерген және олармен жұмыс істеуге дайын жаңа тұрпатты педагогтар мен басшылар санының аздығы;
- ✚ мектептік ортада мүгедектікке деген дискриминациялық көзқарасты және дұрыс емес пікірдің болуы;
- ✚ педагогтардың, оқушылардың, ата-аналардың мүгедектік туралы және мүмкіндігі шектеулі құрадастарының мүмкіндіктері туралы ақпараттың жетіспеушілігі;
- ✚ ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін білім беру үдерісіні жеңілдететін, оңалтудың техникалық құралдарын пайдалану мен білім берудің қолжетімді ортасын ұйымдастыру туралы білімнің жеткіліксіздігі;
- ✚ тұрғылықты жері бойынша жалпы білім беретін мектеп жағдайында мүмкіндігі шектеулі баламен жұмыс жасау үшін материалдық-техникалық дайындық пен әдістемелерге сәйкес білімнің аздығы;
- ✚ түрлі бұзылыстары бар балалардың қалыпты дамыған қатарластарының орта сында білім алу құқығын дұрыс түсініп қабылдауда қоғам өкілдерінің дайын еместігі;
- ✚ толыққанды білім алуға бағытталған мүмкіндігі шектеулі балаға білім берудің жеке бағдарламасының ресми сипатта болуы немесе бағдарламаның болмауы.

Мақсаты:

-  Мүмкіндігі шектеулі балаларды табысты әлеуметтендіру мақсатында оларға логопедиялық көмек көрсетуді уақтылы анықтау және ұсыну;
-  Өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға дайын жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

Ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім беру қызметінің қолжетімділігі мен сапасының принциптерін енгізу дәрежесін арттыру;
Аймақтық білім беру жүйесі шеңберінде кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді дамытудың тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу және енгізу
Балаларды жалпы білім беру мекемесінің ортасына қосу шеңберінде психологиялық -педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
Балалардың білім алу қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін арнайы жағдайлар жасау
Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мәселелерімен айналысатын білім беру ұйымының қызметкерлерін жүйелі оқытуды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;
Мүмкіндігі шектеулі балалардың санын, олардың білім алуына жағдайдың болуын бақылау мен есепке алу жүйесін құру;
Мүмкін болатын көмек көрсетуге дайын мұғалімдер мен студенттердің арасынан еріктілерді құру.
Мүмкіндігі шектеулі балаларға жағдай жасау, осылайша құрбы -құрдастарымен қарым -қатынас процесінде дені сау ұғымы біртіндеп қалыптасады.

Бағдарламаны іске асыру:

1. Нормативтік құқықтық базамен танысу.
2. Балалардың физикалық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып мәліметтер қорын жинау
3. Балалардың әлеуметтік -психологиялық бейімделуі бойынша арнайы қызметтермен өзара әрекеттесу.
4. Ата -аналарға білім мен тәрбие беру бойынша кеңес беру, тәрбиеленушілерге бағдар беру.
6. Балабақша жағдайында инклюзивті білім берудің үлгісі мен жүйесін құру

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ПЕРСПЕКТИВТІ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Іске асыру кезеңі/ мерзімі		Өткізілетін іс-шаралар	Жауапты мамандар
1	Диагностикалық бағыт 2021 жылдың қыркүйек айы – 2022 жылдың маусым айы	Сентябрь	Нормативтік - құқықтық базаны қалыптастыру.	Логопед Қоқанова А.С
			Психологиялық, медициналық және әлеуметтік негіздерді құру.	
		Сентябрь	Сөйлеу тіліндегі бұзылыс деңгейі, сөздік қоры, өзін-өзі бағалау, тұлғааралық қарым-қатынас деңгейінің диагностикасы	Логопед Қоқанова А.С
			Ерекше күтімді қажет ететін тәрбиеленушілердің жеке психо-физиологиялық, сөйлеу тіліндегі ерекшеліктерімен тәрбиеші, педагог мамандарды таныстыру, талдау.	
		Октябрь	Артикуляциялық аппарат құрылысын, қозғалысын тексеру. Жаңадан қосылған тәрбиеленушілердің сөйлеу тілі бұзылысы құрылымын және оның ауырлық дәрежесін анықтау диагностикасы. Сөйлеу картасын толтыру.	Логопед Қоқанова А.С
		Октябрь	Оқу - әдістемелік материалды жүйелеу. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін фронтальды терең тексеру;	Логопед Қоқанова А.С
2	Коррекциялық - түзету бағыты	Ноябрь	Тіркеуде тұрған мүмкіндігі шектеулі балалардың	Логопед Қоқанова А.С

			тізімдерін салыстыру мақсатында ПМПК -мен өзара әрекеттесу.	
		Жыл бойы	Кесте бойынша жеке түзету - дамытушылық сабақтар өткізу	
8	Кеңес беру бағыты	Декабрь	Балабақшаның әлеуметтік желідегі парақшасына ата - аналарға арналған мақалалар, ұсынымдар, кеңестер жариялау.	Логопед Қоқанова А.С
		Декабрь	«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру жүйесі» дөңгелек үстелін ұйымдастыру;	Логопед, Психолог, Тәрбиешілер.
		Жыл ішінде	«Мектеп жасына дейінгі балаларды инклюзивті оқытуды ұйымдастырудың қазіргі мүмкіндіктері» топтарға арналған әдістемелік нұсқау әзірлеу;	Логопед Қоқанова А.С
		Жыл ішінде	ПМПК -ге жіберілетін оқуында кемістігі бар балалардың ата - аналарына жеке кеңес беру.	
9	Ұйымдастыру - әдістемелік бағыт	Қыркүйек – маусым	Сөйлеу тілі бұзылысының дәрежесі мен деңгейін, баланың жас ерекшелігін ескере отырып логопедиялық топтарды жинау.	
			Бір жылға арналған түзету жұмыстарын талдау.	